

«6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Жүзей Мырзахмет Аманқұлұлының «Сакралды құндылықтар – Қазақстанның рухани және материалдық жәдігерлерінің феномені ретінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

**СЫН-ШҚІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:  1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2017 жылдың сәуір айында жазған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясындағы «Туған жер» мен «Туған ел» бағдарламаларына және «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасына <b>сәйкес</b> келеді.  «6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландыратын ресми докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс.
2.	Ғылымға маңыздылығы	<b>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады</b> /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс сакралдылық идеясын теориялық және теологиялық қырынан талдай отырып, Қазақстандағы қоғамдық сананың жаңғыруы аясында киелілік құндылығы халықтың рухани және материалдық жәдігерлерінің феномені ретінде дінтанулық тұрғыда зерттелген. Осы тұрғыдан алғанда диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосып, маңыздылығы артып отыр.
3.	Өзі жазу	Өзі жазу деңгейі:	Автордың өзі жазу деңгейі жоғары. Бұл автордың өз ойларын



принципі	<p><b>1) жоғары;</b>  2) орташа;  3) төмен;  4) өзі жазбаған</p>	<p>жақсы тұжырымдап, жұмыстың мазмұндық тұсын баяндаудағы жазу стилі ғылыми-логикалық сипатта екені айқын көрінеді. Әрбір бөлімде автор өзінің тәсілімен зерттей келе, ғалымдардың тұжырымдарына орынды сілтеме жасаған.</p>
4. Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:  <b>1) негізделген;</b>  2) жартылай негізделген;  3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды  <b>1) айқындайды;</b>  2) жартылай айқындайды;  3) айқындамайды</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі қазіргі қазақстандық қоғамда болып жатқан рухани жаңғыру аясында бұл зерттеудің өзіндік аспектісі болып табылатын қоғамдық сананың қалыптасуын, оның жаңаруын, ұлттық өзіндік сананың қалыптасуы мен оның халық руханиятына ықпалын ашуға негізделген.</p> <p>Диссертация мазмұны тақырыптың аясын қамтиды. Зерттеу жұмысының бірінші бөлімі сакралды құндылықтарды зерттеудің теориялық негіздеріне бағытталған. Екінші бөлімі қазақ халқының қасиетті рухани құндылықтарын дінтанулық талдауға арналған. Үшінші бөлімінде Қазақстанның рухани жаңғыруы аясында қасиетті материалдық жәдігерлерді қарастырған. Ғылыми жұмыс аясында шешімдер мен қағидағар тақырыптың мазмұны көлемінде шығарылған.</p>
4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді;	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді;  <b>1) сәйкес келеді;</b>  2) жартылай сәйкес келеді;  3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Автор зерттеу жұмысының мақсаты ретінде сакралды және діни құндылықтарды теориялық және теологиялық тұрғыда талдай отырып, Қазақстанның рухани жаңғыруы аясында киелі жәдігерлер мен діни ескерткіштерді дінтанулық тұрғыда кешенді зерттеуді негізге алған. Бұл қойылған мақсаттың негізінен міндеттері айқындалған. Жалпы диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыпқа сәйкес анықталған.</p>
4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан;	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан;  <b>1) толық байланысқан;</b>  2) жартылай байланысқан;  3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертация үш негізгі бөлімнен және сегіз тараудан тұрады. Алғашқы бөлім сакралдылық құндылығының концептуалды және теософиялық қырларын ашуға бағытталса, екінші бөлім ислам дискурсындағы рухани құндылықтардың сакралды сипаты мен қазақтың ұлттық руханият әлемінің сакралдық ерекшеліктерін анықтауға негізделген. Ал үшінші бөлімде Қазақстанның сакралды құндылықтары – ұлттық және діни бірегейліктің ұйыстырушысы ретінде қарастырылған.</p>
4.5. Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағар, әдістер) дәлелденіп,	<p>4.5. Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағар, әдістер) дәлелденіп,</p>	<p>Автор диссертация көлемінде жасаған жаңа тұжырымдары ғалымдардың идеяларын және эмпирикалық деректерді сыни</p>



	бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: <b>1) сыни талдау бар;</b> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	талдау арқылы дәлелденген. Бұл жағдайдың айқын көрінісі бірнеше тараудың кеңістігінде білінеді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі  5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; <b>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)  5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; <b>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)  5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? <b>1) толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстағы нәтижелер мен қағидағтар жартылай жаңа болып табылады. Автор Қазақстанның сакралды құндылықтары болып саналатын тарихи-мәдени, киелі ескерткіштерге қатысты нәтижелері соңғы бес жылдағы отандық зерттеушілердің тұжырымдарын құптаушы болып табылады. Осыған байланысты зерттеу барысындағы автордың кейбір қағидағтары жартылай жаңа саналады.  Диссертацияның кейбір қорытындылары жартылай жаңа болып табылады. Бірақ автор осы қорытындыларды өзіндік тәсілмен шығарған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі  <b>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</b>	Диссертация әлеуметтік-гуманитарлық бағытта орындалғанына орай техникалық, технологиялық, экономикалық, басқару саласымен жанаспайды. Бірақ автордың алға қойған мақсаты өзгеше орындалуына байланысты тәсілдік жағынан « <b>толығымен жаңа</b> » деп санауға келеді.  Диссертацияда түйінделген қорытындылар әрбір тараудың көлеміндегі жасалған ауқымды дәлелдемелерге негізделген.

7.	Қорғауға шығарылған негізгі кағидастар	<p>Өр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p><b>1) дәлелденді;</b>  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) иә;  <b>2) жоқ</b></p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p><b>1) иә;</b>  2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;  2) орташа;  <b>3) кең</b></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p><b>1) иә;</b>  2) жоқ</p>	<p>7.1 Диссертация көлімінде автор негізгі 8 тұжырымдаманы айқындаған. Бұл тұжырымдамалар әрбір тараудағы зерттеу жұмысының нәтижесінен туындаған.</p> <p>7.2 Өрбір тұжырымдама <b>тривиалды емес</b> саналады. Автор тұжырымдамаларды ерекше тәсілдік көріністе және жан-жақты қырынан қалыптастырды.</p> <p>7.3 Диссертант жұмысындағы 8 тұжырымдама жаңа болып табылады. Бірінші тұжырымдама рухани құндылықтарды діни психологиялық және теологиялық тұрғыдан сараптау барысында діни сенімнің сакралды болмыстық, танымдық, адамгершілік-этикалық, біріктірушілік құндылықтары айқындалған; екінші тұжырымдамада – ислам дискурсындағы рухани құндылықтардың сакралды сипаты иман-ислам-ихсан деңгейлерінде талданып, оның Жаратушы мен адам арасындағы байланыстың өзегін құрайтыны, сакралды мен сакралданушылық арақатынасынан туындайтыны көрсетілген; үшінші тұжырымдамада – казак халқының руханият әлеміндегі сакралды құндылықтар дін киесі, рух киесі, сөз киесі, қан киесі, күт киесі, көңіл-күй киесі, жер киесі, жіктемесі арқылы тарихи-дінтанулық тұрғыдан анықталады; төртінші тұжырымдамада – дәстүрлі дін және діни дәстүрдегі рухани байланыс пен сакралдылық сабақтастығы исламға дейінгі дүниетаным мен дәстүрді қабылдай білген 9 ханафилік-мағуридилік сүннеттік ислам арасындағы, әдет-ғұрып пен сопылық арасындағы үйлесім арқылы негізделеді; бесінші тұжырымдамада – ислам жәдігерлерінің сакралды кеністігі мен тарихи мұрасын сипаттау барысында зиярат ету мен қажылықтың заманауи мәні мен мазмұны қазақстандық болмыста айқындалады. Алтыншы тұжырымдама – Қазақстанда қолға алынған «Туған жер» мен «Туған ел» бағдарламалары және «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы негізінде киелі және тарихи-мәдени ескерткіштерін дәріптеу мақсатында «Рухорда» мұражайы іске қосылып, жәдігерлердің діни-философиялық мазмұндары мен мәні сарапталған. Жетінші тұжырымдама – Қазақстандағы ұлттық және діни бірегейліктің, әсіресе мұсылманлық бірегейліктің қалыптасу</p>
----	--	---	---



<p>ерекшеліктері талданып, рухани жаңғыру аясында оған сакралды құндылықтарды насихаттаудың ықпалы тұжырымдалады. Сегізінші тұжырымдамада – сакралдылық категориясы мен сакралданушылық амалы күдіреттілік, әулиелілік, киелілік, қасиеттілік, кадрлілік, қастерлілік концептілерімен салыстырылып, оның тылсымдық транценденталдық, феноменологиялық және мәдени-элеуметтік қырлары теософиялық қырынан талданады.</p> <p>7.4 Диссертациядағы тұжырымдардың теория мен практикадағы қолдану деңгейі «кен» аукымда. Ғылыми нәтижелерді ЖОО-дағы дінтанушы, исламтанушы, теолог студенттер мен магистранттар, орта арнаулы оқу орындарындағы элеуметтік-гуманитарлық пәндердің, яғни философия, тіл және мәдениет саласында, дінге қатысты құзырлы органдардың қызметі ауқымында кеңінен пайдалануға болады.</p> <p>7.5 Диссертацияда көрсетілген тұжырымдамалар ғылыми жарияланымдар ауқымында дәлелденген. Автордың зерттеу тақырыбы бойынша 13 мақаласы жарық көрген. Атап айтсақ, ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналда – 3; нолдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналдар базасына тіркелген шетел журналында, жарияланған мақала – 1; халықаралық және шетелдік ғылыми конференция материалдарында диссертацияның негізгі тезистері баяндалған – 9 (оның ішінде 2 шетелдік ғылыми баспада жарық көрген) мақала жарияланған.</p>		<p>ерекшеліктері талданып, рухани жаңғыру аясында оған сакралды құндылықтарды насихаттаудың ықпалы тұжырымдалады. Сегізінші тұжырымдамада – сакралдылық категориясы мен сакралданушылық амалы күдіреттілік, әулиелілік, киелілік, қасиеттілік, кадрлілік, қастерлілік концептілерімен салыстырылып, оның тылсымдық транценденталдық, феноменологиялық және мәдени-элеуметтік қырлары теософиялық қырынан талданады.</p> <p>7.4 Диссертациядағы тұжырымдардың теория мен практикадағы қолдану деңгейі «кен» аукымда. Ғылыми нәтижелерді ЖОО-дағы дінтанушы, исламтанушы, теолог студенттер мен магистранттар, орта арнаулы оқу орындарындағы элеуметтік-гуманитарлық пәндердің, яғни философия, тіл және мәдениет саласында, дінге қатысты құзырлы органдардың қызметі ауқымында кеңінен пайдалануға болады.</p> <p>7.5 Диссертацияда көрсетілген тұжырымдамалар ғылыми жарияланымдар ауқымында дәлелденген. Автордың зерттеу тақырыбы бойынша 13 мақаласы жарық көрген. Атап айтсақ, ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналда – 3; нолдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналдар базасына тіркелген шетел журналында, жарияланған мақала – 1; халықаралық және шетелдік ғылыми конференция материалдарында диссертацияның негізгі тезистері баяндалған – 9 (оның ішінде 2 шетелдік ғылыми баспада жарық көрген) мақала жарияланған.</p>
	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған <b>1) иә;</b> 2) жоқ</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған <b>1) иә;</b> 2) жоқ</p>
<p>8. Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: <b>1) иә;</b></p>	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелерінде компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдаланғаны көрініп тұр.</p>

	2) жоқ	Барлық теориялық тұжырымдар, өзара қақтығыстар мен қағидағтар дәлелденген және жақсы негізделген.
8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): <b>1) иә;</b> 2) жоқ	8.4 <b>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</b>	Автор зерттеу барысында мүмкіндігінше шетелдік, ресейлік және отандық ғалымдардың мәліметтерін және эмпирикалық дереккөздердің мәліметтерін талдау арқылы маңызды мәлімдемелер жасаған. Бұл әрбір тараудағы маңызды мәлімдемелердің кеңістігіндегі сілтемелерден анық көрінеді.
8.5 <b>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</b>	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: <b>1) иә;</b> 2) жоқ	Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті. Библиографияда философиялық-әдіснамалық бағыттағы, жалпы теориялық сипаттағы және арнайы әдебиеттерден тұратын 240 дереккөз атаулары бар.
9	Практикалық құндылық принципі	Диссертацияның теориялық маңызы жоғары болып табылады. Зерттеу барысында тарихи-логикалық, салыстырмалы герменевтикалық, аксиологиялық және концептуалдық әдістер, оларды қолдану жалпы рухани дүниетаным жүйесіндегі сакралды құндылық феноменін және оның ролін түсінуге мүмкіндік беруіне байланысты «иә» деуге толық негіз бар.
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <b>1) иә;</b> 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы ЖОО гуманитарлық бағыттағы магистрлік және докторлық диссертациялық тақырыбына сакралды құндылықтар мұрасын, материалдық тұсын зерделеу, сондай-ақ, элективті курстар енгізу, энциклопедиялық жинақтар әзірлеп, жарыққа шығаруға болады. Сонымен қатар, дінтану, теология, исламтану білім беру бағдарламаларына



		арналған пәндері бойынша дәрістерге және т.б. арнайы курстарда қолдана алуына байланысты «иә» деуге болады.
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; <b>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның практикалық ұсыныстарының жаңашылдық дәрежесі ішінара жаңа, сенімді және жеткілікті ғылыми негізділікке ие.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы Академиялық жазу сапасы: <b>1) жоғары;</b> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияны жазудағы академиялық сапа <b>жоғары</b> болып табылады. Автор теориялық және теологиялық мәліметтерді талдауға ғылымда мойындалған әдіснамаға сүйене отырып, ғылыми стильде баяндаған. Диссертациялық мәтін ғылыми нормаларға сәйкес жазылған.

**ШЕШІМ:** «6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Жүзей Мырзахмет Аманқұлұлының «САКРАЛДЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ҚАЗАҚСТАННЫҢ РУХАНИ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘДІГЕРЛЕРІНІҢ ФЕНОМЕНІ РЕТІНДЕ» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент:  
Қожа Ахмет Ясаун атындағы ХҚТУ,  
Теология факультеті, Дінтану кафедрасының  
аға оқытушысы, PhD  
(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)

  
(қолы)

Камалова Фәриде Болатқызы  
(Аты-жөні)

